

Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің штат санын ұлғайту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 1112 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті аумақтық органдарының штат санын 4 бірлікке қысқарту есебінен Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің штат саны 4 бірлікке ұлғайтылсын.

2. *Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.21. N 1433 Қаулысымен.*

3. "Штат саны лимитін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 ақпандағы N 132 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен агенттіктердің (министрліктердің жанындағы комитеттерді қоса алғанда) орталық аппараттары мен олардың аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің штат саны лимитінде:

реттік нөмірі 3-жолдағы "10617" және "9759" деген сандар "10613" және "9755" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 15-жолдағы "22", "22" деген сандар "26", "26" деген сандармен ауыстырылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі